

## Қазақстан Республикасының Моңғолиядағы Дипломатиялық миссиясын қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 233 Жарлығы

Қазақстан Республикасы Президенті  
мен Үкімет актілерінің жинағында  
және республикалық баспасөзде  
жариялануға тиіс

Қазақстан Республикасының Моңғолиямен дипломатиялық қатынастарын нығайту мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қазақстан Республикасының Моңғолиядағы Елшілігі ретінде қайта құру жолымен Қазақстан Республикасының Моңғолиядағы Дипломатиялық миссиясы қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Жарлықтан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы Жарлық 2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*  
*Президенті*